



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

31 тамыз № 32

Ақадыр кенті

поселок Агадырь

**Білім беру ұйымындағы
психологиялық-педагогикалық
қолдау қызметінің
құрамын бекіту туралы**

Білім алушылардың дамуындағы қиындықтар анықталған жағдайда, оларды қолдау мен әлеуметтік бейімдеу, отбасына және мектеп мұғаліміне көмек көрсетуді ұйымдастыру шаралары мен жолдарын анықтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

I. Мектепшілік психологиялық - педагогикалық консилиум 2022-2023 оқу жылында өз жұмысын жалғастырсын.

II. Мектепшілік ППК құрамына келесі мамандар бекітілсін:

1. Тусупова Г.А. – Мектеп директоры, консилиум төрағасы;
2. Бекишева.Б.Б. – ИББ бойынша үйлестіруші;
3. Торгаева А.К. – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;
4. Махмутова Ш.М.– директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
5. Бимакашева К.С. – мектеп психологы;
6. Адамкожина Б.К. – мектеп психологы;
7. Сейпышева Л.Ж. – мектеп медбикесі;
8. Омарова С.А. – мұғалім-логопеді, арнайы педагог;
9. Мукыжанова С.С. – мұғалім-логопеді, арнайы педагог;
10. Батыкова К.Е. – педагог-психологы, арнайы педагог;
11. Бейсенова К.И. – педагог-ассистенті;
12. Кокжалова Г.К – педагог-ассистенті, хатшы;
13. Есжанов А.Б. – емдік дене шынықтыру;
14. Косыбаев Р.К. – емдік дене шынықтыру;
15. Сағынаева Д.М. – әлеуметтік педагог;

III. Психологиялық – педагогикалық консилиум жұмысы «ППК қызметі туралы» ережеге сәйкес ұйымдастырылсын.

IV. Бұйрықтың орындалуын бақылау инклюзивті білім беру бойынша үйлестіруші Б.Б.Бекишеваға жүктелді

Мектеп директоры



Г.Тусупова

Бұйрықпен таныстым:

- Қолы: Мухомбетов А.С. Т.А.Ә.
- Қолы: Амаралы С.А. Т.А.Ә.
- Қолы: Бақышева Б.Б. Т.А.Ә.
- Қолы: Сазынаева Д.М. Т.А.Ә.
- Қолы: Батожиева К.Е. Т.А.Ә.
- Қолы: Бекжанов А.Б. Т.А.Ә.
- Қолы: Бекишева Б.Б. Т.А.Ә.
- Қолы: Кокмолыбаева Т.К. Т.А.Ә.
- Қолы: Махмұтова Ш.Ш. Т.А.Ә.
- Қолы: Шоржаева А.К. Т.А.Ә.
- Қолы: Шиманов К.С. Т.А.Ә.
- Қолы: Бейсенбаева К.Ш. Т.А.Ә.
- Қолы: Аманжолбаева Б.Т. Т.А.Ә.
- Қолы: Тусупова Г.А. Т.А.Ә.



БЕКІТЕМІН

Ю.А.Гагарин атындағы
мектеп – лицейінің директоры


Г.А.Тусупова

08 2022ж

Мектепшілік психологиялық – педагогикалық қолдау кеңесі

ЖОСПАРЫ

№	Атқарылатын жұмыстар мазмұны	Жауаптылар
1	I –отырыс: 2022 -2023 оқу жылындағы ППҚ кеңесінің мүшелерін бекіту	Мектеп директоры
1.1	ОПМПК ұсынысын және оқушылардың өзгеріс сипатына сәйкес арнайы оқыту бағдарламаларын жасауды әдістемелік кеңесте қарауға ұсыну	ИББ бойынша үйлестіруші
1.2	Сыныптарға жаңа қосылған оқушылардың және қатер тобындағы оқушылардың құрамын қалыптастыру. Бейімдеу периодын белгілеу. Даму сипаттарын бақылау.	Арнайы мамандар, пән мұғалімдері
1.3	Мектеп мұғалімдерін инклюзивті сыныптар ережесімен және сол сыныптағы оқушылар тізімімен, білім берудегі педагогикалық режим міндеттерімен таныстыру	ППҚ мүшелері
2	Кезектен тыс отырыс: Тізімдегі «қатер тобына» алынған оқушылармен ата – аналар келісімінің негізінде түзете – дамыту бағыттарын белгілеп, сынып жетекшілерге, пән мұғалімдеріне кеңес беру	Арнайы мамандар

ИББ бойынша үйлестіруші:  Б.Б.Бекишева



БЕКІТЕМІН

Ю.А.Гагарин атындағы
Мектеп – лицейінің директоры

Г.А.Тусупова

2022ж


Психологиялық –педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс

ЖОСПАРЫ

№	Қызметтің негізгі бөлімдері мен мазмұны	Орындаушылар	Мерзімі	Қолдау түрі
1	ЕББ қажет ететін оқушылардың педагогикалық – психологиялық қолдау жұмыстарын жоспарлау (жылдық жоспар)	ИББ бойынша үйлестіруші	Тамыз	Ұсыныс ретінде мәліметтер базасын әзірлеу
2	ИББ бойынша үйде оқытуды ұйымдастырылуын бақылау.	ИББ бойынша үйлестіруші Арнайы мамандар	Тамыз Қыркүйек	Құжаттамалар, тізім беру, бағдарламалар
3	Қолдау мамандарының ата – аналарға кеңес беруі, әңгіме өткізуі	Арнайы мамандар	Қыркүйек	Кеңес, дөңгелек үстел
4	Арнайы мамандар, сынып жетекшілер және пән мұғалімдері сыныптардағы ЕББ қажеттілігі бар оқушыларды сабақ барысында зерттеу жүргізіп, өзгерістер бойынша бақылау парағын толтыру	Арнайы мамандар, пән мұғалімдері	Қыркүйек Қазан	Сабақтарға кіру,бақылау парағы
5	Логопедиялық көмек: сөйлеу тілінде бқзылыстары бар балаларға дыбыстық қою және ажырату	Логопед	Қараша Жыл бойы	Сөйлеу тілдік карталар,зонтта р,артикуляциял ық жаттығулар.
6	Психологиялық көмек:ЕББ қажет ететін оқушылардың танымдық әрекеті мен эмоциалық ерік аясындағы	Психолог	Қараша Жыл бойы	Оқу әдістемелік кешен

	даму деңгейіне арналған жаттығулар, ұсақ қол моторикасын, зейінін, есте сақтауын дамытуға жаттығулар орындату			
7	I-ші жарты жылдық бойынша есеп.	ИББ бойынша үйлестіруші Арнайы мамандар	Желтоқсан	Үйде оқыту мен ИББ бойынша атқарылған жұмыстар
8	Арнайы маман (Дефектолог)Түзете дамыту жұмыстары	Арнайы маман (дефектолог)	Қаңтар Жыл бойы	Оқу әдістемелік кешен
9	Әлеуметтік педагогтың жалпы жұмыс жоспары	Әлеуметтік педагог	Ақпан Жыл бойы	ЕББҚ бар оқушылардың жеке құжаттары, сынып жетекшілермен, ата – аналармен жұмыстары
10	Сынып жетекшінің көмегі: ЕББ қажеттілігі бар оқушыға ерекше көңіл бөлу,сыныптастар арасындағы ынтымақтастықорнату,мектепшілік іс- шараларға тарту,ата –анамен берік байланыс орнату	Сынып жетекшілер	Ақпан	Сынып жетекші шеберлігі
11	Пән мұғалімдерінің көмегі: оқушылардың ерекшелігін ескеріп,жеке оқу бағдарламасын әзірлеу сабақта педагогикалық режимді қатан сақтау,жеңілдетілген тапсырмалар топтамасын әзірлеу, ППҚ мамандармен үнемі байланыста болу	Пән мұғалімдері	Наурыз Сәуір	Оқыту бағдарламалары, тапсырмалар
12	ИББ бойынша педагог ассистент мамандарының жұмыстары	Психолог Педагог ассистент мамандары	Сәуір Жыл бойы	ЕББқажет ететін оқушылармен атқарылған жұмыстар.(нәтиже, өзгерістер)
13	ИББ мәселелері бойынша ғылыми – практикалық конференцияларға, семинарларға, дөңгелек	Арнайы мамандар	Жыл бойы	Білім жетілдіру

	үстелдерге қатысу			
14	ЕББ қажеттілігі бар оқушылармен түзете дамыту жұмысының нәтижелерін талдау және жинақтау, оны талдау бойынша мониторинг жасау	Арнайы мамандар	Жыл соңында	Есеп беру
15	ОПМПК мамандарымен серіктестік құруғ ерекше оқушылардың ата-аналарына түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру	Арнайы мамандар	Мамыр	Серіктестік

ИББ бойынша үйлестіруші:  Б.Б.Бекишева



БЕКІТЕМІН

Ю.А.Гагарин атындағы

Мектеп-лицейінің директоры

Г.А.Тусупова

1»

08

2022ж

Ю. А. Гагарин атындағы мектеп – лицейіндегі психологиялық – медициналық консилиум туралы

ЕРЕЖЕЛЕ

Ю.А. Гагарин атындағы мектеп – лицейінің психологиялық – медициналық педагогикалық консилиумы (ары қарай ПМПк) психологиялық - медициналық педагогикалық қолдау қызметі мамандарының өзара әрекеттесуінің тұрақты түрі болып табылады. Консилиумның қызметі мектеп оқушыларының дамуы мен оқуындағы ерекшеліктерді зерттеуді және олардың мәселелерін шешуді кешенді тәсілдемемен қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектептік ПМПк өзінің қызметінде БҰҰ бала құқығы туралы конвенциясынын, ҚР «білім туралы» Заңын, «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасындағы балалар құқығы туралы» Заңдарын және осы ережені басшылыққа алады.

Мектептің психологиялық – медициналық – педагогикалық консилиумның мақсаты мен міндеттері

- 2.1 ПМПк мақсаты бала дамуының бірыңғай стратегиясын құру мен жүзеге асыру, консилиум баланың жанұясы мен оның оқуын жүзеге асыратын педагогтарға көмек ұйымдастыруға бағытталған кәсіпаралық ынтымақтастық болып табылады.
- 2.2 міндеттері:
 - 2.2.1. Оқушының оқуы мен әлеуметтенуін жетістіктермен қамтамасыз ететін профилактикалық, психологиялық – педагогикалық түзету және әлеуметтік шараларды анықтау үшін баланың танымдық қызметінің дамуы деңгейі мен ерекшеліктерін анықтау, эмоциялық -ерік және жеке тұлғалық дамуын зерттеу.
 - 2.2.2. Баланың әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау, жалпы және түзету оқыту мен тәрбиелеу үдерісін даралық – сараланған тәсілдемемен қамтамасыз ету үшін білім беру үдерісіне қатысушыларға арналған ұсынымдар әзірлеу.
 - 2.2.3. Психологиялық – педагогикалық қолдаудың және оқушылармен түзете дамыту жұмысының жеке бағдарламасын әзірлеу.
 - 2.2.4. баланың өзекті дамуын, оның жағдайының динамикасын бейнелейтін құжаттарды дайындау және жүргізу. Мектептің педагогикалық құрамы мен

психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының арасындағы өзара әрекеттесулерін ұйымдастыру.

3. Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының қызметін ұйымдастыру

3.1. Консилиум мәжілісінде балалар мен жасөспірімдердің мәселелерін талқылау ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ынтасы бойынша, сондай-ақ бала оқитын немесе тәрбиеленетін сыныптың (топтың) педагогының, білім беру ұйымында жұмыс істейтін басқа мамандардың да бастамалары бойынша жүзеге асырылады.

3.2. Барлық маман баланы жеке-жеке тексереді. Әрбір маманның өзінің әдістемелері, тәсілдемелері, диагностикалық кешендері болады.

3.3. Тексеру нәтижелері бойынша әрбір маман консилиум үшін бекітілген түрде өз ұсыныстарын береді.

3.4. Алынған мәліметтердің негізінде (мамандардың қорытындысы) коллегиялды түрде ПМПк тұжырымдамасы жасалады, баланың жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін есепке ала отырып, түзете-дамыту және оқу-тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруға арналған ұсынымдар әзірленеді.

3.5. Консилиум маман мүшелерінің кеңесін алған барлық балалар тіркеу және есеп журналына тіркеледі.

3.6. Консилиум жұмысына қатысқан мамандар және төрағасы тексеруден өткен балалар туралы ақпараттың құпиялылығын сақтауға жауапты болады.

4. Консилиумды дайындау және өткізу тәртібі

4.1. ПМПк жоспарлы және жоспардан тыс болып екіге бөлінеді.

4.2. Жоспарлы консилиум жылына 4-5 рет өтеді. Оның қызметі төмендегі міндеттері шешуге бағытталған:

- бала дамуының ерекшеліктерін, оны оқытудың мүмкін болатын талаптары мен мақсаттарын анықтау;

- түзете-дамыту жұмысының мазмұнын қоса отырып, баланы психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын құру;

- оқытудың, түзетудің және дамудың динамикасын бағалау, түзету жұмысына қосымшалар мен өзгерістер енгізу, оқыту түрін, түзімін, бағдарламасын өзгерту, қосымша тексеруді тағайындау.

4.3. Консилиумның жоспардан тыс мәжілісі мамандардың, педагогтар немесе ата-аналардың сұрауы бойынша жиналады. Жоспардан тыс ПМПк келесі міндеттерді шешеді:

- туындаған мәселені талдау, оларды шешу жолын таңдау;

- рұқсат етілетін жүктемелерді, оқытудың түзімі мен түрін өзгерту қажеттілігін анықтау.

4.4. Баланың мәселелерін талқылау бойынша консилиум мәжілісін өткізуді дайындау консилиумды өткізу датасына дейін 10 күннен кеш болмайтындей жоспарланады.

4.5. Мамандар, баламен тікелей жұмыс істейтін жетекшілер консилиум мәжілісін өткізуге дейін 3 күннен кеш болмайтындай уақытта консилиум хатшысына қажетті құжаттарды, баланың жазба жұмыстарын тапсыруға міндетті.

4.5. Мәжіліс ПМПк төрағасының басшылығымен өтеді.

4.6. Жетекші маман жалпы жағдайды баяндайды. Баламен жұмысқа қатысатын әрбір маман бала туралы ауызша тұжырымдама береді.

4.7. ПМПк қабылдаған түзете дамыту жұмысын ары қарай жүргізу бойынша ұсынымдар педагогтарды қосқанда, баламен жұмыс істейтін барлық мамандарға міндетті болады.

4.8. ПМПк хаттамасы мәжіліс өткеннен кейін 2-3 күн ішінде дайындалады, оған ПМПк қатысқан барлық мамандар қол қояды.

5. Мектептің психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумының құжаттары

- Ю.А. Гагагрин атындағы мектеп-лицейінде ПМП консилиумының құрылуы туралы бұйрық.
- Ю.А. Гагагрин атындағы мектеп-лицейінің ПМП консилиумының Ережелері.
- Ю.А. Гагагрин атындағы мектеп-лицейінің ПМП консилиумының ОПМПк-імен ынтымақтастығы (өзара әрекеттесуі) туралы шарт.
- ПМПк-ге келген балалар тіркелетін журнал.
- ПМПк мәжілістері тіркелетін журнал;
- ПМПк тұжырымдары мен ұсынымдары тіркелетін журнал.
- Динамикалық бақылауда тұрған балаларды есепке алу журналы.
- Мамандардың консилиум үшін оқушыларға берген ұсыным түсініктемелері. ПМПк-інің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар, әдістемелік материалдар.